



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ж. 31 мамыр

Астана қаласы

№ 248

город Астана

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамының 2022 жылғы
жылдық қаржылық есептілігін бекіту
туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 7-тармағына, 35-бабының 5-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 3 шешіміне, «Дос-Аудит Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тәуелсіз аудиторының есебіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № КГИП-02-КГ/5484 хатына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 410 691 683,52 теңге (төрт жүз он миллион алты жүз тоқсан бір мың алты жүз сексен екі теңге 52 тиын) мөлшеріндегі 2022 жылғы таза табысы Қоғамның иелігінде қалдырылсын.

3. 2022 жыл ішінде акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының қызметіне өтініштері түспегені айқындалсын.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қ.А. Ерғалиевке жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек